

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) дайындау жөніндегі нұсқаулық туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 1999 жылғы 28 желтоқсан N 1996

1999 жылғы 18 қарашадағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсынудың және алудың тәртібі туралы келісімнің" ережелерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) дайындау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 9 ж ы л ғ ы
2 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 9 9 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) дайындау жөніндегі

Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары жөнінде қорытындыны (келісу) ұсынудың және алудың тәртібі туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) сәйкес Ресей Федерациясының кезекті жылға ұсынатын "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшыру жоспарлары (бұдан әрі - Жоспарлар) жөніндегі қорытындыны (келісуді) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қарауы мен дайындауының ерекше тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында Жоспарларды қараудың тәртібі

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ресей Тарабынан Жоспарлар келіп түскен сәттен бастап бір тәуліктің ішінде Келісімнің 2-бабына сәйкес оларды келісу үшін мына мемлекеттік органдарға:

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне - Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешені аумағындағы экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісімді Іске асыру жоспарын және Экологиялық бақылау тәртібін орындау мәселелері жөнінде;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне - ғарыш аппараттарын ұшыру және зымырандарды сынақтық ұшырудың дайындығы мен жүргізілуі кезеңінде, сондай-ақ бірлескен ғарыштық жобаларды іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштерінің радиоэлектрондық құралдарының жұмыс істеуі мәселелері жөнінде;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігіне - Жоспарлардың Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында қол қойылған "Байқоңыр" кешені жөніндегі келісімдердің, шарттар мен хаттамалардың ережелеріне сәйкестігін айқындау үшін;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне - "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ұшыру сәтінде дайындық жағдайына келтірілетін және болуы мүмкін авариялардың зардаптарын жою үшін тартылатын қажетті күштер мен қаражатты айқындау үшін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (келісім бойынша) - Жоспарлардың Қазақстан Республикасының қауіпсіздік мүдделеріне сәйкестігін айқындау үшін жібереді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.24. N 88 , 2006.04.28. N 340 , 2007.05.29. N 438 қаулыларымен.

3. Осы Нұсқаулықтың 2-тармағында аталған мемлекеттік органдарда Жоспарларды келісудің мерзімі олар келіп түскен сәттен бастап 3 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

Келісуші мемлекеттік орган Жоспарларды қараудың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігіне өзінің ұсыныстарын тапсырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.24. N 88 , 2007.05.29. N 438 қаулыларымен.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстарын алған сәттен бастап үш күнтізбелік күннің ішінде Қорытынды жобасының түпкілікті нұсқасына жинақтайды.

Қорытынды жобасының аталған нұсқасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қорытындыны бекіту туралы қаулысының жобасы бес күнтізбелік күннің ішінде

мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне ұсынылады. Бұл ретте мүдделі мемлекеттік органдарда жобаларды келісудің мерзімі екі күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.01.24. N 88 , 2007.05.29. N 438 қаулыларымен.

5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі көрсетілген жобаларды алған сәттен бастап екі күнтізбелік күннің ішінде оларды сараптаудан өткізеді және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тиісті орынбасарымен, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысымен келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің не оның орнындағы тұлғаның қол қоюына енгізеді.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданған күннен бастап бір тәуліктің ішінде, бірақ өтер жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей Қорытындыны дипломатиялық арналар арқылы Ресей тарапына жолдайды.